

Жария құжат

Күні	Бет No.
2019-06-19	1 (3)

Мақұлдаған
«Кселл» АҚ директорлар кеңесі

Құжат No.	Нұсқа No.
Compliance-Pol-02	2

Жемқорлыққа қарсы саясат

«Кселл» АҚ (бұдан былай - Кселл) бизнесті жүргізудің ең жоғарғы нормаларын ұстанады. Біз өз әрекеттерімізде өзіміздің Этика және тәртіп кодексінің қағидаларын басшылыққа ала отырып, бар жауапкершілікпен әрекет етеміз. Біз еркін әрі әділ саудаға жақтасамыз, біз қызметімізді жүргізетін елдің құқықтық жүйесі шеңберінде ашық бәсекелік күреске және этикалық нормаларды қадағалауға талпынамыз

Кселл парақорлық пен жемқорлыққа қатысты нақты позицияға ие:

- Кселл кез келген нысандағы парақорлыққа немесе жемқорлыққа қарсы.
- Кселл компаниясы жағымды шешім алу мақсатында немесе бизнесті дамыту мен қолдау мүмкіндіктері үшін ынталандырмайды, төлемейді және пара және басқа да құнды заттарды ұсынбайды.
- Кселл қызметкерлері олардың кәсіби міндеттеріне қайшы болатын немесе қайшы бола алатын жағдайларды болдырмайды және оларға жол бермейді.

Қолданылу аясы

Біз Кселл-де және Кселл-дің басқарушылық бақылау жүргізетін барлық компанияларда әр қызметкердің Компания бизнесін жүргізу тәсілі ретінде осы Саясатты ұстануларын талап етеміз.

Біз сондай-ақ осы Саясатта баяндалған ұстанымдардың Кселл қатысу үлесі бар барлық компанияларда қабылдануымен жұмыс істеудеміз.

Рөлдер және жауапкершілік

Кселл қызметкерлерінің барлығы осы Саясат талаптарымен танысуға, оларды түсінуге және қадағалауға жеке жауапты болады. Әр қызметкер осы Саясатқа сәйкес әрекет етулері тиіс. Біз қызметкерлерді үрейлерін ашық айтуға және жақсы тәжірибе мысалдарын хабарлауға шақырамыз.

Құрылымдық бөлімше басшылары әр қызметкерге осы Саясатқа және «Кселл» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулыққа және басқарушылық ұстанымдарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті. Құрылымдық бөлімше басшысы парақорлық және жемқорлық жайттарының алдын алу және анықтау мақсатында сәйкес шараларды және ішкі бақылау жүргізуге жауапты болады.

Тұрақты ақпараттандыру мен жемқорлыққа қарсы әрекет жасауды үйретуді қосқанда күнделікті білімді нығайту, сондай-ақ кейінгі бақылау Кселл Комплаенс-бақылау қызметінің қолдауымен әр басшы жауапкершілігінің бір бөлігі болып табылады.

Жемқорлық

«Жемқорлық» - жеке пайда мақсатында қызметтік жағдайды асыра пайдаланушылық.

Парақорлық

«Пара» - лауазымдық міндеттерді тиісінше орындамау немесе лауазымдық жағдайды асыра пайдалану мақсатында қаржылық жеңілдіктерді және басқа да артықшылықтарды ұсыну, беру, уәкілеттік беру, талап ету, қабылдау, алу. Пара міндетті түрде ақшаны пайдалануды білдірмейді.

Жария құжат

Күні	Бет No.
2019-06-19	1 (3)

Мақұлдаған
«Кселл» АҚ директорлар кеңесі

Құжат No.	Нұсқа No.
Compliance-Pol-02	2

Кселл қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, оның ішінде үшінші тұлғалар арқылы пара ұсынуға, беруге, өкілдік беруге, талап етуге, қабылдауға немесе алуға тыйым салынады.

Сондай-ақ үшінші тараптарға жемқорлықты абайсызда қаржыландыру ретінде бағалануы мүмкін ақша қаражатын беруге тыйым салынады. Үшінші тұлғаларға, мысалы агенттерге, серіктестерге, жеткізушілерге және кеңесшілерге төлем жүргізу барысында осындай төлемдердің жемқорлық мақсаттарда пайдаланылмауы үшін тиісті абай болу деңгейін таныту қажет.

Мүдделердің қақтығыстары

Мүдделердің қақтығыстары қаржылық немесе басқа да жеке себептердің қызметкердің бейілдігіне, оның кәсіби пайымдауына және оның өз міндеттемелерін орындауына әсер еткен жағдайында пайда болады.

Кселл қызметкерлері әрдайым компания мүддесінде әрекет етіп, жеке мүдделеріне немесе «екі жүзді лоялдылыққа» қатыссыз дұрыс ойлаушылық танытулары тиіс.

Формалдылықты оңайлату сыйақысы

Формалдылықты оңайлату сыйақысы қалыпты процедураларды орындауға немесе жылдамдатуға мемлекеттік шенеуніктердің пайласына берілетін төлемдерді білдіреді. Қызметкерлерге осындай төлемдерді жүргізуге немесе қабылдауға тыйым салынады.

Сыйлықтар және өкілдік шығындар

Кселл қызметкерлерінің өкілдік шығындарына және сыйлықтарға байланысты ұсыныстары олардың айқын іскерлік мақсаттарда болған және іскерлік қарым-қатынас сипатына сәйкес келген жағдайында ғана бекітіледі.

Біз шешім қабылдау үшін сыйлықтарды, төлемдерді немесе алғыс білдіру белгілерін ұсынбаймыз және сыйлықтарды қабылдамаймыз. Сыйлықтар мен алғыс білдіру белгілерін олардың заңнама талаптарына, Нұсқаулыққа және осы Саясатқа қатысты кейінгі нұсқаулықтарға сәйкес болған жағдайында ғана ұсынуға/қабылдауға болады.

Демеушілік және қайырымдылық

Параны жабу тәсілі ретінде қайырымдылық/саяси садақа немесе демеушілікті пайдалануға жол берілмейді.

Үшінші тараптар

Үшінші тараптармен – серіктестермен, жеткізушілермен, агенттермен қарым-қатынаста да тиісті қамқорлық танытылуы қажет. Белгілі бір үрей туғызатын сигналдар («қызыл жалаулар») тергеліп, үшінші тараптарға қатысты парақорлық пен жемқорлық тәуекелінің алдын алу үшін қажет сақтық шаралары қабылдануы тиіс.

Кселл-дің тұтастай сатып алу қызметі жеткізушілерді әділ таңдау мен міндеттерді бөлу ұстанымдары нақты белгіленген «Кселл» АҚ жұмыс істеуін, функцияларын немесе жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді біз көзден тәсілімен сатып алу бойынша тәртіпке және осы саладағы басқа релеванттық құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Жария құжат

Күні	Бет No.
2019-06-19	1 (3)

Мақұлдаған
«Кселл» АҚ директорлар кеңесі

Құжат No.	Нұсқа No.
Compliance-Pol-02	2

Кселл-дің қосылу мен жұтылу жөніндегі қызметі тиісті қамқорлық ұстанымдары белгіленген және серіктестерді жемқорлыққа қарсы талаптарға сәйкестігін тексеру процедуралары белгілейтін Қосылу мен жұтылу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Есептілік

Біз қызмет сипатын және мақсатын көрсететін сыйлықтарға, өкілдік шығындарға, демеушілік және қайырымдылық көмекке қатысты нақты әрі айқын есептілік жүргізудеміз. Біз сондай-ақ қажет рұқсат құжаттарының және үшінші тараптардың нәтижелерінің есебін жүргіземіз.

Бұзушылықтар туралы хабарлау

Кселл-дің әр қызметкері Этика және тәртіп кодексінің немесе осы Саясаттың бұзылуы туралы күдік пайда болған жағдайда болжалды бұзушылықтың орын алғаны туралы өзінің тікелей басшысына, Комплаенс-бақылау қызметінің менеджеріне хабарлауы немесе «Жедел желіні» пайдалануы тиіс.

Кселл компаниясы бұзушылықтар туралы хабарлайтын қызметкерлерге қолдау көрсету мен оларды мүмкін болатын қуғыннан қорғау үшін қолдан келгеннің барлығын жасайды.

Жемқорлық немесе парақорлық ретінде қарастырылатын кез келген әрекет немесе іс-қимыл басшылық назарына жеткізіліп, бірден түзету шараларын қабылдауды талап етеді. Кез келген осындай әрекет немесе іс-қимыл тәртіптік жауапкершілікке әкеледі.